



Мекен-жайы: Орал қаласы, 4 ш.а 15/1
Тел: 8-7112-22-85-97

Адрес: г.Уральск 4 мкрн 15/1
Тел: 8-7112-22-85-97

БҰЙРЫҚ № 119
«22 » қыркүйек 2025 жыл

ПРИКАЗ №

**Оқушылардың мектепшілік пәндік
олимпиадасын өткізу туралы**

Оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, ғылымға деген қызығушылығын дамыту, оқушыларды қалалық олимпиадаға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау мақсатында, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Ж.Жолдасбаеваға:
 - 1.1 29.09-2.10 қазан күндері мектепшілік пәндік олимпиада өткізілсін.
 - 1.2 Олимпиада ережесі бекітілсін. (қосымша А)
 - 1.3 Олимпиада мына негізгі пәндер бойынша өткізілсін:
 - 1) қазақ тілі мен әдебиеті; 2) Қазақстан тарихы; 3) орыс тілі мен әдебиеті; 4) ағылшын тілі; 5) математика; 6) физика; 7) информатика; 8) химия; 9) биология; 10) география; 11) құқық негіздері;
 - 1.4 Олимпиадаға 9-11 сыныптар оқушылары қатыстырылсын.
 - 1.5 Олимпиаданың өткізілу жоспары, кестесі бекітілсін. (қосымша Б)
2. Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне:
 - 2.1 Олимпиада тапсырмаларын пән мұғалімдері дайындасын. Тапсырмалардың құпиялылығы сақталсын.
 - 2.2 Тапсырмалар орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша орыс тілінде, ағылшын тілі бойынша ағылшын тілінде, ал басқа пәндер бойынша қазақ тілінде дайындалсын.
3. 6 қазан күні олимпиада қорытындыланып, жүлделі оқушылар марапатталсын.
4. Олимпиада қорытындысы бойынша әр пәннен озық шыққан оқушылар іріктеліп, қалалық пәндік олимпиадаға қатысатын команда жасақталсын және дайындық жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. Осы бұйрықты бақылау мектеп директорының әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Ж. Жолдасбаеваға жүктелсін.

Мектеп-лицей директоры  А. Даумова



Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ережелері (бұдан әрі – Олимпиада) республикалық олимпиаданың жалпы білім беретін пәндер бойынша мектепшілік кезеңін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, аймақтық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, мектептегі білім берудің беделін көтеру.

3. Бұл ереже Жаратылыстану-математика циклы пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы № 99 Бұйрығы негізінде әзірленді.

4. Олимпиаданы ұйымдастыруға жауапты директордың әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары және әдістемелік бірлестігі жетекшілері

1) осы ережемен белгіленген Олимпиаданың өткізілуін бақылайды;

2) Олимпиадаға басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) Олимпиаданы өткізудің қажетті ғылыми-әдістемелік деңгейін қамтамасыз ету үшін пәндер бойынша әдістемелік комиссияларды қалыптастырады;

4) Мектеп директорына Олимпиаданың қазылар алқасы мүшелерінің құрамы және саны жөнінде ұсыныс береді;

5) Олимпиаданың қорытындысын талдайды;

6) Олимпиада материалдарын жариялайды.

5. Олимпиаданың мектепшілік кезеңінің пәндер бойынша қазылар алқасының құрамына төраға және мүшелер кіреді. Қазылар алқасының саны пәнге байланысты құралады (3 адамнан кем емес).

6. Олимпиаданың қазылар алқасы:

1) тапсырмалардың орындалуын бағалау өлшемдерін бекітеді, жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

2) қатысушылардың жұмысын бағалаудағы келіспеушілікті талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

3) қазылар алқасымен бірлесе отырып, қалалық олимпиадаға қатысушы кандидаттарды анықтайды.

4) Олимпиадаға қатысушылармен орындалған тапсырмаларды талқылауды және үйлестіруді жүргізеді;

5) жеңімпаздарды анықтайды және олардың тізімін бекіту үшін әкімшілікке ұсынады;

2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

6. Олимпиадаға 9-11 сыныптың қатысатын пәні бойынша оқу үлгерімі жақсы оқушылары қатысады.

7. Олимпиаданың тапсырмаларын жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша пән мұғалімдері дайындайды, ӘБ жетекшілері бақылауда ұстайды

3. Қорытынды ереже

8. Мектепшілік олимпиаданың жүлдегерлері мектепшілік грамоталарымен марапатталады.

9. Олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысушылар саны қалалық білім беру бөлімінің бұйрығы негізіндегі санымен анықталады.

10. Егер бірнеше қатысушы бірдей балл санын жинаған жағдайда, қосымша тапсырма беріледі

**9-11 сынып оқушыларының мектепшілік олимпиадасын өткізу жоспары
(2025-2026 оқу жылы)**

Мақсаты:

- оқушылардың пәндік білімдерін тереңдету;
- оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру;
- ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру;
- дарынды балаларды айқындау;
- оқушыларды қалалық олимпиадаға іріктеу және дайындау.

№	Мазмұны	Уақыты	Жауапты
1	Олимпиадаға қатысушы 9-11 сынып оқушыларының тізімін алу	24 қыркүйекке дейін	Пән мұғалімдері, бірлестік жетекшілері
2	Олимпиада өткізу кестесін әзірлеу, бекіту.	22 қыркүйекке дейін	Жолдасбаева Ж.Ж.
3	Олимпиада тапсырмаларын әзірлеу.	18-25.09.2025	Пән мұғалімдері
4	Олимпиаданы өткізу, жауапты мұғалімдер мен кезекшілер жұмысын үйлестіру.	Кесте бойынша	Жолдасбаева Ж.Ж.
5	Олимпиада жұмыстарын тексеру, бағалау.	Кесте бойынша	Жауапты мұғалімдер Жолдасбаева Ж.Ж.
6	Олимпиаданы қорытындылау, жеңімпаз оқушыларды марапаттау.	6 қазан	Жолдасбаева Ж.Ж.
7	Олимпиада қорытындысын қалалық білім беру басқармасына тапсыру.	ҚББ-ның бұйрығына сай	Жолдасбаева Ж.Ж.
8	Олимпиада қорытындысы бойынша қалалық олимпиадаға қатысушылар командасын жасақтау, әзірлік жұмыстарын ұйымдастыру.	7 қазаннан бастап	Жолдасбаева Ж.Ж. Бірлестік жетекшілері

№41 мектеп-лицейінің 9-11 сынып оқушылары үшін мектепшілік олимпиада кестесі

29.09-3.10 қазан 2025 жыл.

№	Пән атауы	Дүйсенбі 29.09	Сейсенбі 30.09	Сәрсенбі 1.10	Бейсенбі 2.10	Жума 3.10	Жауапты мұғалімдер
1	Химия	15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , №213, 108 к					Бергалиева Г.К. Сабитова А.А.
2	Биология	15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , №214 к					Нургожина А.Ш. Жолдасбаева Ж. Наурызбаева К.Е
3	География	15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , № 212 к					Ажғалиев Н.Ш. Адиева Л.С. Бактиярова И.
4	информатика	15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰ №209, 210 к					Сатканова Э.М. Есетов Ә.Б. Әділхан Ә.А.
5	Ағылшын тілі		14 ¹⁰ -15 ¹⁰ № 215, 207 каб				Мусағалиева А.К. Темирова А.Е, Бисекешева А.Е. Файзуллинова А.Б. Досполаева Ж.Ж.
6	Қазақ тілі және әдебиеті		15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰ , №202, 203 к				Беккужиева С.А. Иманиязова Г.С. Куанышкалиева Г.Е. Сүлейменова Г.Г.
7	Орыс тілі мен әдебиеті			14 ¹⁰ -15 ¹⁰ , №204 к			Рахметкалиева Н.О. Габдрахманова Б.Д. Кдрашева Э.А.
8	Математика			15 ⁰⁰ -16 ⁰⁰ , №214,215			Калешова Э.С. Капашева Г.Н, Нурекешова А.С. Кариева Г.Ж. Боранбаева Ж.М.
9	Физика				15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , №208 к		Кажмуханова Г.Ш. Умирова А.С. Тажимурадов Б.Т.
10	Қазақстан тарихы				15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , №214 к		Сисенова Ш.С. Сатиева А.Е. Хамзин Ж.К.
11	Құқық негіздері				15 ⁰⁰ -15 ⁴⁵ , №215 к		Сисенова Ш.С. Сатиева А.Е. Хамзин Ж.К.